Говоря о спорте, можно сказать, что и тут Казахстан не остался в стороне. Сегодня наше государство по праву входит в 30-ку мировых спортивных держав. Спросите, а как такое возможно? Всё просто. В Казахстане созданы все необходимые условия для активного образа жизни и занятий массовым спортом. А стимулом для этого, стали победы наших великолепных спортсменов, завоевавших за годы независимости 70 олимпийских медалей и около 700 медалей в международных соревнованиях разного уровня.

Казалось бы, Казахстан достиг всего, что требуется для полноценной и независимой страны. Но, на этом достижения Казахстана не прекращаются. Наша независимость устремлена в будущее на основе большой модернизации разных сфер жизни казахстанского народа в рамках национальных стратегий и программ «Казахстан 2050» и так далее. Казахстан – великая страна. И мы, именно молодежь являемся будущим этой страны. Мы должны понимать, что если будем активно участвовать в жизнедеятельности нашей родины, то она будет процветать.



# ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Арайлым САРБАСОВА,**
**Медиа-студияның бас маманы**

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын атап көрсеткен болатын. Аталмыш бағдарлама – дамыған елдер көшіне ілесудің бір жолы. Сондықтан, жаңашыл жоба елімізде  кешенді жүзеге асып келеді. Бұл өзгерістер республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажет. Мұндай қадам А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де де жасалды. 2018 жылдың басында оқу орнында «Парасат» цифрлық орталығы ашылды.

Орталық жаңа үлгідегі техникамен жабдықталды. Аймақты цифрлау үдерісінде үлкен көлемде ақпарат жинау және сақтау үшін қуатты серверлік жабдық сатып алынды. Сондай-ақ табиғат құбылыстарының өзгерісін автоматты түрде алуға көмектесетін сандық метеорологиялық станциясы, ұшқышсыз ұшу аппараты бар. Бұл құрылғылар ауылшаруашылығының дамуына сенімді серік болады деген үміттеміз. Жалпы Елбасының басқа да бағдарламалары сияқты «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы ел мүддесіне сай. Ал «Парасат» орталығы Қостанай облысындағы басты қозғаушы күш болмақ.

Цифрлық хаб ауылшаруашылығын дамытуға қомақты үлес қосуды көздеп отыр. Орталықта IT технологияларының, өсімдік және мал шаруашылығы салаларының мамандары қызмет етеді. «Парасат» цифрлық орталығы облыстың белді деген өнеркәсіптерімен байланыс орнатты. Түрлі жобалармен жұмыс жасайтын болады. Мәселен ұн тарту кластерін құру жоспарда бар. Орталық Қазақстанның индустрияны дамыту институты және халықаралық сарапшылармен ынтымақтастықта аймақтағы ұн тарту өнеркәсібінің мәселелерін анықтау мен талдауды жүзеге асырады. Цифрлы технологияларды өңірде оқыту мақсатында хаб қызметкерлері мен Қостанай облысының ұн тарту өнеркәсібінің өкілдері Түрік Республикасының жетекші кәсіпорындарында тәжірибеден өтіп келді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ұн тарту кластерінің ресурстық орталығы «Парасат» цифрлық хабында орналасатыны белгілі болды. Бұл үлкен жауапкершілік, әрине, дегенмен жаңа, табысты мүмкіндіктерге жетелейтін бастама. Заман талабына сай жаңашылдықты ауылшаруашылығына ендіру адам өмірін жеңілдетеді және өнім көлемін еселеуге септігін тигізеді. Диқандар жаңа технологияның көмегімен ауа райындағы, топырақтағы өзгерістерден уақытылы хабардар болады. Орталықтағы метео құрылғының көмегімен егін егу, оны жинау уақытын нақты жоспарлай алады. Құрылғыға камера орнатылған. Сондықтан егістіктің жағдайын күнделікті фото-сурет арқылы бақылап отыруға да болады. Ал ұшқышсыз ұшу аппаратымен егін алқабын, мал жайылымдарын, су бөгеттерін биіктен зерттеуге мүмкіндік бар. Мұндай жаңашылдықты тек ғалымдар мен ірі өнеркәсіптер ғана емес, шағын шаруашылықтар да қолдана білу керек. «Парасат» цифрлық орталығы оқыту семинарларын, тренингтер, жаңа техника мен технологияны зерттейтін конференциялар өткізетін болады. «Аталмыш іс-шараларға қатысам деушілерге есігіміз әрқашан ашық, керекті ақпаратпен бөлісуге, кеңес беруге әзірміз»,- дейді «Парасат» цифрлық хабының басшысы Алмабек Нұғманов. Цифрлық орталық мамандары облысымыздың барлық аудандарын аралап, ауылшаруашылығының бүгінгі жағдайымен танысып қайтты. Шаруашылық өкілдеріне жаңа технологиялар жайлы ақпарат берілді, тұшымды кеңестер айтылды, жаңа құрылғыларға сынақ өткізілді. Кәсіпкерлер тарапынан қызығушылық көп болды. «Зерновая индустрия» агрохолдингі егістігінің сапасын зерттеу мақсатында орталықтың ұшқышсыз ұшу аппараты қолданылды. Биіктен жасалған фото-суреттер іріктеліп, холдингтің мамандарына табысталды. Хаб жаңа технологияларды трансферттеуден бөлек өзінің идеяларын дамытуды жүзеге асырады. Мысалы орталық цифрлық форматта мәлімет беретін су ұшағын (водный дрон) құрастырды. Сондай-ақ «Парасат» цифрлық хабы 25 шілдеде Ауыл шаруашылығының бірінші вице-министрі Арман Евниевтің бастамасымен және Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетовтың қатысуымен цифрландыруға байланысты Республикалық семинар-тренинг өткізді. Түрлі саланың жүзден астам өкілдері қатысқан іс-шарада RFID электрондық құлақ тегтері (биркалары), өлшеуіш датчиктерінің көмегімен тамақтандыру жүйесі сияқты тақырыптар қозғалды. Ауылшаруашылығындағы мұндай өзгерістер адам өмірін жеңілдету үшін, өнімнің сапасын жақсарту және көлемін ұлғайту үшін қажет. Бұл – заман талабы. Экономиканың тірегі саналатын агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру арқылы ел табысын еселей түсу – маңызды міндет. Себебі бүгінде көптеген дамыған елдер бұл салада әлдеқайда алға озып, цифрлы технологияның игілігін барынша көріп отыр. Ендеше біз де көштен қалмайық!



# Халықаралық дәреже – университет мақсаты









**Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,**
**ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

Жақында ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері Елордадағы Назарбаев университетінде өткен Халықаралық бағдарламалау олимпиадасына қатысып келді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін халықаралық олимпиада заңғар ой мен жүйелеу қабілеті бар студенттердің таланттарын шыңдау мақсатында ұйымдастырылған. Студенттердің халықаралық Бағдарламалау Олимпиадасы (ағылшын тілінде ACM International Collegiate Programming Contest) – көп деңгейлі университеттер арасындағы бәсекелестігі жоғары бағдарламалау сайысы. Штаб пәтері АҚШ-тың Уэйко қаласындағы Бейлор Университетінде орналасқан. Бұл сайысты жыл сайын IBM компаниясы қаржыландырады. Есептеу техникасы ассоциациясы басқарады. 1970 жылы Техас университетінде бағдарламалау бойынша халықаралық чемпионат байқауының тарихы басталды. 1977 жылдан бері сайыс жыл сайын өткізіліп келеді. Олимпиада бірнеше кезеңге бөлінген. Жоғарғы оқу орындарының көбісі университет ішінде олимпиада ұйымдастырып, қай командалар аймақтық кезеңге қатысатынын анықтайды. Ал аймақтық олимпиада жеңімпаздары, финалға жолдама алады. Бұл топтық сайыс. Команда 3 студенттен құралады. Басты ереже – қатысушылардың жасы 24-тен аспауы керек. Биылғы есептеу додасына қатысқан Тасболат Төлегеновтың айтуынша әр командаға 1 компьютер беріледі, есептер ағылшын тілінде жазылған, 18 тапсырма, оны шығаруға 5 сағат белгіленген. Командалар C немесе Java тілдерінде есеп шығарып, сынақ серверіне жібереді. Егер тапсырма дұрыс болмаса, не болмаса теңдеулер дұрыс жолмен шешілмесе командаға хабар келеді, кейде сервер түзетілген нұсқасын жібереді.

Ярослав Монаков: «Біз оқу орнында өтіп жүрген бағдарламалау әлдеқайда жеңіл, әрі көпшілікте қолданыста жүрген жүйелер. Ал сайыстың техникалық тілі өзгеше, әдетте мұндай алгоритмдер тек олимпиадаларда ғана кездеседі. Сондықтан біз үшін аздап қиындау болғаны рас».

Қазіргі таңда күнделікті тіршілік заманауи техниканың көмегімен әлдеқайда жеңілдетіліп, адамдардың жағдайына ыңғайлы етіліп жасалып келеді. Бұл жарқын болашақтың куәсі іспеттес. Сондықтан ақпараттандыру, цифрландыру сияқты бағыттарды жастар бүгіннен бастап жетік меңгеруі керек.

# Защита прав детей: задача журналистов



**Зината КУЧЕКПАЕВА, АЛИНА СЕЙДАХМЕТОВА (фото) – студентки 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Кафедра журналистики и коммуникационного менеджмента провела встречу для студентов-журналистов с директором ОФ "Правового медиа-центра" Дианой Окремовой и юристом, экспертом медиа-центра Гульмирой Биржановой. Ее цель – знакомство студентов с этическими нормами при освещении темы детства в СМИ.

Конвенция о правах ребёнка была принята в 1989 году. Это единственный международный документ, принятый почти всеми странами мира, который обязует их обеспечивать права детей на образование, достойный уровень жизни, защиту от насилия и т.д.. Тем не менее, всё ещё существуют немало проблем, которые необходимо рассматривать при помощи СМИ. Диана Окремова и Гульмира Биржанова, выступили с тремя презентациями, в которых рассказывалось о том, какое позитивное и негативное влияние оказывают журналисты на детей, публикуя материалы о них. Каждому журналисту при сборке, проверке и распространении серьёзной публикации необходимо руководствоваться определёнными правилами и законами, о чем стоит говорить, а о чём стоит умолчать, чтобы не вызвать негативную реакцию у народа. Особенно, если тема материала касается детей.

В презентации приводились примеры провокационных материалов, касающихся непосредственно детей. Например, о жесточайших условиях, в которых содержат детей в некоторых детдомах, о частых случаях суицидов среди подростков, о том, как нарушаются права инвалидов, о том, как растет количество детей-беспризорников. Д. Окремова высказала мнение о том, что государства и общества должны защищать права детей, ведь благодаря журналистам «детская тема» находится сейчас в центре общественного внимания. В последнее время очень много негативных материалов и репортажей о детях появляются в СМИ, и все они имеют большой общественный резонанс. Безусловно, если публично рассказать о проблеме, нужно иметь под собой и решение. Журналисты не всегда задумываются о том, к каким последствиям может привести обнародование проблем ребёнка и как это повлияет на его психическое здоровье и скажется ли это на его дальнейшей судьбе. Выпуская материал на публичное обозрение, призванное защитить права ребёнка, журналист нередко сам делает ошибки, раскрывая личную информацию (например, выдает его местожительство, инициалы, публикует фотографии ребёнка). Это является уголовным правонарушением, за которое можно подать в суд. В качестве примера, студент

На семинаре были показаны брошюры «Этические принципы подготовки журналистских материалов о детях». В брошюре изложены, в общем-то, абсолютно логичные положения, которых нужно придерживаться при подготовке материалов не только о детях, но и о взрослых людях. Например, там сказано: «При отборе детей для интервью избегайте дискриминации их на основании пола, расы, возраста, религии, социального статуса, уровня образования или физических особенностей». Здесь слово «детей» вполне возможно заменить словом «людей». Точно так же, как и в следующем пункте: «Не занимайтесь инсценировками. Не манипулируйте детьми. Не просите их сказать или сделать то, что нужно вам для эффектной картинки или яркого репортажа». И во многих других пунктах тоже идет речь о соблюдении общечеловеческих принципов, которых журналист должен придерживаться, независимо от того, с кем он общается – с ребенком или со взрослым.

Также шла речь о том, что не надо тиражировать в СМИ материалы, содержащие элементы жестокого обращения с детьми или детей друг с другом, так как ничего, кроме негативных эмоций, они в людях не пробуждают. Нужно думать, как бороться с этими нездоровыми проявлениями, а не гнаться за рейтингом любой ценой.

Так в своем семинаре правовой медиацентр Казахстана помогает журналистам правильно подавать информацию о детях, не нарушая их прав.

# «Я и Закон»

**Дина НУГМАНОВА, студентка 2 курса ГСФ, специальность «журналистика»**

В читальном зале КГУ им. А.Байтурсынова прошла интеллектуальная игра «Я и Закон», в котором студенты нашего факультета ежегодно принимают участие. В игре нынешнего года 3 команды: «Ахмет Ұрпақтары» гуманитарно-социального факультета, «Депутаты» юридического факультета и «Гамбит» факультета информационных технологий. Игра состояла из пяти туров на тему «Законы РК». Первый этап – это представление команды. Например, команда «Ахмет Ұрпақтары» с ярким девизом «Однажды и навсегда» попыталась донести смысл, заключенный в их названии. Как известно, на гуманитарно-социальном факультете обучаются будущие журналисты, филологи, переводчики и психологи. Все мы знаем, что Ахмет Байтурсынов активно вел свою политическую деятельность, вместе со своими единомышленниками выпускал и редактировал газету «Казах». Называясь «потомками Ахмета», студенты следуют его примеру и считают, что однажды встав на сторону закона, нужно отстаивать его.

Команды «Гамбит» и «Депутаты» преподнесли свои эмблемы и рассказали о важности знания законов и их соблюдении. Следующий этап - разминочный. На основе сказок, студенты выявили нарушения прав и законов. В третьем этапе сразились капитаны команд. Их задача определить верное или неверное утверждение. Например, «Единственным источником государственной власти в Республике Казахстан является народ». Правильный ответ: «Верно». Четвертый этап сплотил каждую команду. Студенты воспользовались умением не только быстро, но еще и правильно отвечать на заданные вопросы. Заключительный этап: битва умов, в ней участники раскрыли свои знания в категориях: структура и содержания: Президент, Парламент.



Организаторы, чтобы поднять интерес к заданию, за правильный ответ угощали сладким призом. По словам члена интеллектуального клуба «Спарта» Кристины Ветцель, игра направлена на то, чтобы ребята лучше знали законы, потому что каждый гражданин РК должен знать и соблюдать их. Подобные мероприятия проводятся согласно плану, и они приурочены к государственным праздникам. Также, интеллектуальный клуб «Спарта» проводит игры не только профессиональной направленности, но и общеобразовательные, а также на знание законов, истории, выдающихся личностей, что, безусловно, расширяет кругозор наших студентов.

После напряжённой, упорной борьбы кубок и первое место получила команда «Депутаты» юридического факультета, второе место за командой «Ахмет Ұрпақтары» гуманитарно-социального факультета, и третье - у команды «Гамбит» факультета информационных технологий. Участник этой команды Сейл Заманбек награжден в номинации «Лучший игрок» Своими эмоциями и впечатлениями поделился студент 4 курса Георгий Говоров:

- Мы уже не первый год принимаем участие в этой игре, нам действительно, очень нравится, всегда интересно проверить свои интеллектуальные способности и расширить кругозор. Вопросы всегда очень разные, на любые темы, и даже если мы какой-то из них «не одолели», все равно узнали что-то новое.

Все «интеллектуалы» получили грамоты и медали, а окончание игры каждая команда отметила сладким призом.

# «Семь граней Великой степи»



**Зарина МЫРЗАТАЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В актовом зале Костанайского государственного университета имени А. Байтурсынова прошло обсуждение статьи «Семь граней Великой степи» Президента РК Нурсултана Назарбаева.

Заседание открыл руководитель департамента Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции Ерлан Салыкбаев. В своем выступлении он напомнил о том, что в Казахстане за годы независимости был реализован ряд крупных исторических мероприятий и программ:

- В своем послании глава государства объявило начале третьей модернизации Казахстана. Был дан старт двум важнейшим процессам: обновлению политической реформы и модернизации экономики, цель которой является войти в тридцатку развитых стран мира. Оба модернизационных процесса имеют четкие цели, задачи и методы их достижения.

В данной статье Президент говорит не только о том, чтобы вспомнить богатое наследие Казахстана, но и о том, чтобы сделать его актуальным, понятным и востребованным в современных условиях.

- Данная работа является продолжением статьи «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Они посвящены преобразованию духовного сознания казахстанцев. Оба документа являются взаимосвязанными во всех отношениях, – сказал следующий выступающий заведующий кафедрой философии Сафар Калдыбаев. Он также рассказал о необходимости модернизации исторического сознания.

Руководитель Проектного офиса «Рухани жаңғыру» так же отметил важность статьи президента РК, подчеркнув слова Президента о важности модернизации общественного сознания. По итогам собрания Е. Салыкбаев призвал всех прочитать статью «Семь граней Великой степи», проникнуться теми задачами, которые поставил нам Президент, а также отметил важность популяризации программной статьи среди молодежи.

# Елімнің гүлденуіне қосар үлесім



**2018 жылдың 20 қарашасында Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының журналистика саласындағы дәстүрлі Республикалық «Шаңырақ» шығармашылық байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Осы байқауда Қостанай мемлекеттік университетінің студенті Айгерім Төлепованың «Тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан менің үлесім» атты номинациясы бойынша жазған шығармасы жоғарғы бағаға ие болып, 2-орынды иеленді. Бір айта кетерлігі, аталмыш дода тәжірибелі тілшілердің арасында өткізілген болатын.**

**Айгерім ТӨЛЕПОВА,**
**ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Мемлекет. Болашақ. Жастар. Бұл үш сөз әр түрлі ұғым білдірсе де бір- бірімен тығыз байланысты. Мемлекет құндылығы халық болса, халық сенімі білімді, бәсекеге қабілетті жастарда. Махамбет, Абай сынды ұлы тұлғалы атальарымыз әр заманда өмір сүрсе де мақсаттары бір болған, яғни жастайынан халық үшін қызмет еткен. Сондай-ақ еліміз үшін жанын пида еткен Мәншүк, Әлия апаларымызды ел ұмытпақ емес. Еліміз солардың арқасында жанданды. Ендігі кезекте ел тұтқасы XXI ғасыр жастарында, яғни менде, менің құрбы- құрдастарымда деп білемін. Осы жерде көкейімде «елім үшін не істей аламын?», «не істеп жатырмын?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтар тұңғыйыққа батырары да рас.

Әлемнің дамыған елдерімен тереземіз тең болу үшін не істеуіміз керек? Қазіргі таңда Қазақстан өзінің әдебиетімен, мәдениетімен әлемге танылып келеді. Бұл жолда жастардың да қосқан үлесі зор. Тәуелсіз елін әлемге паш етіп жатқан әнші, өнерлі жастарымыз жетерлік. Мен де осындай замандастарымнан қалмақ емеспін. Құрдастарыммен бірге «Жастар ұйымын» құрып, Қостанай өңірінің жастарының рухани баюына, патриоттық сезімдері мен ұлттық кодтың жандануына бағытталған жұмыстар жасап жатырмыз. Мәселен ұлттық рухтағы ойындар мен кештерді ұйымдастырдық. «Асық пати», «Домбыра пати» сынды шаралар өзіміз сияқты студент жастардың ойынан шықты және қазақы дәстүрді жандандыруға сеп болды. Тағы бір ауыз толтырып, мақтанышпен айта алатын маңызды іс тындырдық, «Жанында жүр жақсы адам» қайырымдылық концертін өткіздік. Жиналған қаражат мұқтаж жандарға табысталды. Мұндай кештерді өткізу мен үшін өте маңызды. Себебі мен туған жерімді сүйемін, елімнің мүддесі үшін қызмет етуге дайынмын. Бұл жасалып жатқан жұмыстар елімнің гүлденуі үшін қосатын үлесімнің тек алғашқы баспалдағы ғана. Алдағы уақытта да қолымнан келгенше еңбек етіп, елдігімізді сақтау жолында аянбай тер төгемін. Әрине әуелі сапалы жоғары білім алуға міндеттімін. Меніңше осындай оймен ержеткен әрбір қазақ баласы – елінің жарқын болашағы. Әсіресе ғылымды жетілдіруге ұмтылу қажет деп ойлаймын. Өйткені қазір озық технологияның, жаңа бастамалардың, тың идеалардың заманы. Тіпті соңғы әлемдік жаңалықтарға ілесу қиындап бара жатқаны да шындық. Себебі әлем жаңаруда. Жапония жастары күннен күнге жаңа роботтармен (өрт сөндіретін, машина жөндейтін) таң қалдыруда, ал Сингапур жастарының билікте орны ерекше, белсенді жастар отаны. Бұл елдердің білім беру жүйелері әлемдік деңгейде екені белгілі. Осы тұста қазақ елінің жастарына да көш соңында қалмауға барынша күш салу керек.

Тарихта үнемі айтылатын 3 сөз - кеше, бүгін және ертең. Кеше мен бүгін жер бетінде тіршілік ететін жанның әрқайсысының өз мәні мен орны, атқарар ісі мен қалдырар ізі болмақ және ол ертеңгі тарих. Ал келешектегі тарих кейіпкерлері біз, жастармыз. Сол үшін елге қызмет ету – менің басты борышым. Қазақ жерінде ақылын орынды жұмсай білетін Елбасы, оны қолдай білетін халық және елінің дамуы үшін қызмет ететін жастар барда Қазақстан гүлденуін тоқтатпақ емес!

Жастар үні

# Ақшаң болса қалтаңда...



**Айшолпан БАЯНБАЕВА,**
**ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

Қазіргі заманның жағдайы тікелей қаражатқа байланысты. Қайда барсаң да тиын-тебенді қажет етеді, әсіресе қалада аяғыңды аттап бассаң, қалтаң таяздай береді. Бірақ не керектің бәрін табуға болады. Дүкен сөрелері қызылды-жасылды, жарқыраған түрлі тауарларға лық толы. Бұл нарықтағы сұраныс деңгейін көрсетеді, яғни тұтынушы халықтың әл-ауқаты жаман емес. Алайда қазақстандықтардың бәрі бірдей сұраныс тудырушылардың қатарында деп айту қиын. Тұрмысы төмен отбасылар жетерлік. Олардың көбі аз-маз жалақысын тек нан мен сүтке және ең қажетті деген тауарларға ғана жұмсай алады. Дегенмен еңбектенген адамға мүмкіншілік жоқ деуге болмас, құлшынысы мен өзіне деген сенімі мол жандар шаруасын дөңгелентіп алып кетіп жатады. Бұл орайда әркімнің өмір сүру дәрежесі өзіне байланысты дер едім. Десек те ақшаны табу бар, сондай-ақ оны үлгіртіп, үйлестіре білу тағы бар. Қаражатты орынды жұмсай білмейтіндер көп-ақ. Ақшаға құнығып, есін жоғалтқандары қаншама! Адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болғандары да баршылық. Кейбірі халықты алдап-арбап табыс табады, жетім-жесірдің, зейнеткерлердің соңғы соқыр тиынын алудан тайсалмайды. Әлеуметтік желі алаяқтардың құтты мекеніне айналған. «Табысты болудың жолдары», «Мол қаражат тапқың келеді ме?» деген басылымдар интернетте тұнып тұр.

Ал енді бірі ақшасын қайда шашарын білмей әлек. Дәулетті кісілер жанашыры жоқ жетім-жесірлерге, жағдайы төмен отбасыларына көмек қолын ұсынудың орнына атақ, мәртебе үшін орынсыз, шектен тыс сауда жасап жатады. Шамамен бір жарым жыл бұрын Шымкент қаласының тұрғыны жас жұбайлардың тортын 179 мың долларға тапсырыс беріп, арнайы пісіртіпті. Қымбат тортты инстаграммнан көрген жұрт біраз шулады. Бірі бұл нағыз ессіздік, менде ондай қаражат болса далада үйсіз-күйсіз жүрген 5-6 отбасына үй алып берер едім десе, енді бірі мына азамат жараған екен, енді қазақтардың қандай бай, әрі ауқатты екенін барлық әлем білетін болады деп әр қилы пікір білдірді.

Таудай талап болса, талпына бергенге не жетсін демекші бір сәт қиялға беріліп көрсек… «Егер сіздің қалтаңызда мол қаражат болып, өзіңіздің жеке басыңызға жетіп, тіпті артылып жатса не істер едіңіз?» Осы сұрақты оқу ордамыздың студенттеріне қойған болатынбыз.

Жамал Шәукен: Алла қалап ақшам көп болып жатса, қайырымдылыққа жұмсар едім. Себебі қоғамда мүмкіндігі шектеулі жарым жандар, жағдайы жоқ көп балалы отбасылар, балалар үйі мен баспанасы жоқ жандар елімізде жетерлік.

Оралбек Өтеғұлов: Мен заманауи білім беретін мектептер салғызар едім. Ол мектеп барлық жағынан жабдықталған, қатаң тәртіптегі, бірыңғай мектеп формасын сақтайтын болуы керек. Сонымен бірге студенттер мен ғалымдарға арналған степендиялар тағайындаймын. Әрине оның талаптары болады: алдымен мемлекеттік тілді және ағылшын, француз тілдерін жетік білетін, гуманитарлық және әлеуметтік саладағы ғылым түрімен айналысуға қабілеті бар қазақтың қыз-жігіттеріне берілетін шәкіртақы болар еді.

Сезім Нуртазаева: Ата-анамның алдындағы борышымды өтер едім, оларды Меккеге жіберер едім.

Сая Үсенова: Бүгінгі күннің негізгі мәселесі – жетім мен жесірлердің, диагнозы ауыр сәбилердің, көп балалы отбасылардың көптігі. Өкініштісі бұл көрсеткіш күн сайын өсуде. Мен болашақта қалталы азаматтардың қатарынан табылып жатсам осы статистиканың өзгеруіне септігімді тигізер едім. Бір жағынан маған да сауап болады.

Сауалнаманы қорыта келе қолдарында қомақты қаржысы болса жастардың бір бөлігі модернизацияны, яғни жаңа технологияны енгізуді қалап, отандастарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жұмсағысы келсе, енді бірі еш ойланбастан мұқтаж жандарға көмек қолын созуға даяр екендіктерін көрдік. Өз ақшам өзімдікі, тек өз қажеттіліктеріме жұмсап, өмірімнің сонына дейін бақуатты ғұмыр кешер едім дегендер де болды. Олар, әрине, есімдерін жасырып қалуды өтінді. Жанашыр боламын, мұқтаж жандарға қол ұшымды беремін деушілер көп болғанымен, сол кісілердің қолына мол қаражат тисе ақшаға құнығып, абыройын жоғалтпаса екен деп ойлайсың!

# Қостанайлық пікірсайысшылар топ жарды



**Айдана ТАЛҒАТ,**
**ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Қараша айының 3-4-і күндері Қостанай Мемлекеттік университеті "Ахмет Ұрпақтары" клубының ұйымдастыруымен Елбасының Жолдауындағы «Жастар-2019» тақырыбы аясында дәстүрлі «Координатор кубогі-2018» пікірсайыс турнирі өтті.

Екі күндік бәйгеге Қостанай қаласының ЖОО-мен бірге орта арнаулы білім беру мекемелерінің пікірсайысшылары қатысты. Турнир Британдық Парламенттік және Линкольн -Дуглас форматында өткен болатын. Барлығы 32 фракция және 10 ға жуық төреші турнирдің сапалы әрі жоғары деңгейде өтуіне ат салысты. Турнирге қолдау көрсетіп, қатысып, тәжірибемен бөлісуге келген пікірсайысшы қонақтар да болды. Турнир жоспарланған деңгейде өтті, көрермендердің көңілінен шықты.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, бұл сайыс өз жеңімпаздарын анықтауға және жаңа таланттарды ашуға мүмкіндік берді. Осылайша жан-жақтан жиналған жастар сенбі, жексенбі күндерін білім көкжиіктерін кеңейтетін пікірсайыс ойынына арнады.

Турнирдің нәтижесі төмендегідей:

1-ші орынды «Ұшырмайтын шығарсыздар» командасының мүшелері Нұрымжан Қайырғали







мен Нұралы Арыстан иеленді. Олар сондай-ақ «Координатор кубогінің» иегерлері атанды. 2-ші орын «Hi one» фракциясының мүшелері Амантай Дархан мен Абат Қасымовқа бұйырды. Ал 3-ші орын «Rio Oreo» командасына табысталды. «Заң және тәртіп» фракциясының спикері Айжан Ілиясова «Үздік спикер» атанды. «Жастар финалының» жеңімпаздары – «ZERO» фракциясы. Жас буындар арасында «Үздік спикер» атағы Бақытбек Мырзабаевқа берілді. «Үздік төреші» номинациясына лайықты деп Нәзира Асан танылды. Ал қалған командалар алғыс хатпен марапатталды.

# Осенний день добра

**Иван ХАРЧЕНКО, студент 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В Костанайском государственном университете имени А. Байтурсынова стартовал цикл благотворительных мероприятий, которые организовал благотворительный клуб «Артемида» в поддержку Уәлихана Қайрулла, которому требуется дорогостоящая реабилитация в городе Астана. Выбор на него пал не случайно - его мама является сотрудником КГУ. В первый день прошла ярмарка во втором, третьем и четвертом корпусах, которая послужила открытием мероприятия. Во второй день студенты главного корпуса организовали ярмарку в зимнем саду, на которой каждый желающий мог полакомиться кулинарными шедеврами студентов. Действительно, в тот момент там было не продохнуть, но еды хватило не на всех. После ярмарки довольные и сытые студенты вернулись на пары и ждали кульминационного момента мероприятия - благотворительного концерта «Осенний вечер добра».

Это событие поддержали прославленные ведущие Костаная Денис Динер и Евгений Сотников. Концерт начался с аукциона, на котором можно было купить самые разнообразные изделия, начиная от большого киндер-сюрприза и заканчивая короной с камнями. Все выставленное на аукционе было сделано руками наших студентов. Руки в зале не опускались, а за большой киндер развернулась целая «битва». Волну веселого и бодрого настроя аукциона подхватила очень интригующая основная часть концерта, ведь все понимали «что сегодня разыгрывается почетный титул Мистер и Мисс благотворительность». Пары аграрно-биологического, экономического, юридического, гуманитарно-социального факультетов, факультета ветеринарии и технологии животноводства и факультета информационных технологий порадовали зрителей своими номерами и эрудицией. Концерт включал в себя 4 конкурса: визитка, конкурс «Эрудит», творческий номер и вальс. В свои номера участники действительно вложили душу, было видно, что на их глазах выступали слезы. Зал следил за выступающими затаив дыхание, сопровождая громкими аплодисментами.



Очень тепло университетский зритель встретил Виктора Федянина, который исполнил трогательную песню «Мама». Компетентное жюри оценивало все конкурсы и под конец удалилось в совещательную комнату. И буквально, через несколько минут поднялись на сцену для оглашения результатов. Фортуна в этот вечер была на стороне пары Мираса Самуратова и Арайлым Муратбековой - представителей экономического факультета. Именно они стали Мистер и Мисс Благотворительность 2018. Номинацию Мистер и Мисс Талант завоевали студенты аграрно-биологического факультета Олег Зедгенидзе и Аина Сабигина. Мистер и Мисс Доброе сердце стала пара гуманитарно-социального факультета Адильхан Ергалиев и Гульден Жузенова. Титул Мистер и Мисс Оригинальность заслужила пара, представляющая факультет информационных технологий Исламидин Каражанов и Карина Бердыбекова. Сразу два титула, Мистер и Мисс «Артемида» и Мистер и Мисс Искренность завоевала пара юридического факультета Азат Елгундинов и Анель Шененова. Мистер и Мисс Мудрость стали пара факультета ветеринарии и технологии животноводства Губайдолла Ермеков и Людмила Журавлева.

- Благотворительный клуб « Артемида» существует уже два года. Недавно мы провели акцию - день донора, где каждый желающий мог сдать кровь. Систематически проводим киновечер для студентов, где каждый студент может посмотреть фильм абсолютно бесплатно. Так же посещаем детские дома, дома престарелых и дом малютки. Мероприятие такого плана мы проводим во второй раз. В этом году, я считаю, уровень в разы выше, поскольку мы учимся, набираемся опыта, исправляем ошибки. Мы не ожидали такой отдачи от людей, каждый пытался помочь, очень благодарна участникам, которые полностью отдавались репетициям, не жалея себя. Я видела в их глазах цель, ради которой мы все делали. Они делали все во имя добра. Конечно, не могу сказать, что меня все полностью устроило, но мы развиваемся и учитываем свои недочеты. Мы провели мероприятие с целью в очередной раз показать, что благотворительность и добро - это всегда актуально. Ведь помогать ближнему можно не только финансово, но и огромную роль играет психологическая поддержка. В результате аукциона нам удалось собрать 217500, которые мы передали родителям Уәлихана, - сказала председатель благотворительного клуба «Артемида» Бахыт Жанбатырова.

Друзья, а мы в свою очередь, хотим напомнить, что добро внутри нас. Давайте не будем забывать об этом, ведь добро всегда возвращается.

# Мисс Костанайская область




**Алтын БОЛАТОВА, студентка 3 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В областной филармонии им. Е. Умурзакова прошел финал конкурса красоты «Мисс Костанайская область 2018», организованный модельным агентством "DESIGN mode" при поддержке областного акимата. Претендентки на звание самой красивой прошли жесткий отбор. На кастинг пришло рекордное для области количество девушек — 147, но в финал попали лишь 16. Среди участниц были и студентки Костанайского Государственного университета Айбарша Лекерова и Дарига Утегенова - студентки 3 курса гуманитарно-социального факультета.

Основной темой конкурса выбрали Восток, восточные сказки и предложили всем гостям прийти с каким-то восточным элементом в одежде. Например, на голове директора "DESIGN mode" Марины Михайленко, красовался тюрбан. Но большинство зрителей сочли не обязательным соблюсти дресс-код.

Пока 16 участниц готовились к выходу, саксофонист исполнял живую музыку, гости позировали у пресс-волла, а девушки предлагали бесплатные напитки.

Появление конкурсанток началось со звона монет на одеждах, свет погас, и девушки с факелами и свечами вышли на сцену. Выступили они с танцем живота и убежали переодеваться для дефиле в вечерних платьях. у каждой претендентки на звание «Мисс Костанайская область» было уникальное платье, различить которые могут только девушки и модельеры, которые сидели в жюри.



Девушки показали не только свою внешность и интеллект, они поделились своим творчеством. Больше всего понравился номер студентки нашего ВУЗа Айбарши Лекеровой. В своем творческом представлении опустив ленту на глаза, она изображала слепую девушку, и прочитала трогательный монолог на казахском, после чего начала динамично и красиво танцевать с партнером под композицию «Рожден».

Перед началом интеллектуального конкурса, ведущие попросили остаться ТОП-6 конкурсанток, которые прошли отбор: Дарига Утегенова, Ташбулатова Мавлюда, Алина Кучербаева, Сымбат Нурахметова, Анастасия Ишбулатова, Сабина Коскулова.

- В этом конкурсе главное не только внешняя красота, но и обладание важными качествами - женственностью и обаянием. Вопросы на интеллектуальном конкурсе специально были подобраны на «философскую» тему, чтобы показать уровень красноречия участниц, - объяснила продюсер конкурса «Мисс Костанайская область 2018» Марина Михайленко.

Елизавета Губарева лидировала в интернет-опросе, но в последний момент на сотые проценты ее опередила Дарига Утегенова, она же завоевала титул «Мисс Симпатия 2018»:

- У меня была сильная поддержка, и за это я очень благодарна всем. Дали свои голоса не только друзья из Казахстана, но и Грузии, России, Германии, Турции, Молдовы, Кипра. После этого конкурса я заметила, что стала чаще улыбаться. До этого я стеснялась своей улыбки, но сейчас мне так легко это даётся или может быть то, что я осуществила свою мечту, показала себя. Дальше будет больше, я знаю, я уверенна.

По итогом конкурса достойной титула «Мисс Костанайская область 2018» стала Алина Курчербаева.

"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А,Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел, 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Беттеген Әйгерім Шаяхметова
Бас маман Арайлым Сарбасова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

"Бұланды" КҚ баспаханасында басылды.
Көкшетау қ. Әуелбеков көшесі, 98
8-7162-25-14-90, 25-62-12
Заказ № Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа
Айына 1 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген